

Кіріспе.

Пән атының өзі де грек тілінен аударғанда *психология - жан туралы ғылым* (психо - "жан", логос - "ғылым") дегенді аңғартады. Кең тараған түсініктерге жүгінсек, алғашқы психологиялық көзқарастар діни ұғымдарға байланысты дүниеге келген. Шынында да ғылым тарихы көрсеткеніндей, ежелгі грек философтарының алғашқы тұжырымдары адамды практикалық тану негізінде бастау білімдерін жинақтаған, жаңадан қалыптасып келе жатқан ғылыми ой-пікір бағыттарының жалпы дүние, соның ішінде жан жөніндегі діни-мифологиялық көзқарастарға қарсы күресінде дамуын тапты. Осыдан, жан жөніндегі зерттеулер мен түсініктер психологияның пәндік аймағының кемелденуінде бірінші кезең болды да психология әуел бастан "жан" туралы ғылым деп танылды.